

МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

**Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті
№6 Қонжық ересек топ
Тақырыбы: «Қыс қызықтары»**

Тәрбиеші: Мендікүлова А.М.

2025-2026 оқу жылы

Бекітілген
Сурет

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы: «Қыс қызықтары»

Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі, оның ерекшеліктері туралы түсінік беру, білімдерін жетілдіру. Танымдық шығармашылық қасиеттерін, тілін сөздік қорын дамыту. Табиғатқа қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Шапшандыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын, мадақтау.

Керекті құрал-жабдықтар: құрсау, шаңғы, сурет бояуға арналған губка, түрлі-түсті бояулар, слайд.

Барысы:

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

-Балалар, қарандаршы айналамыз қандай тамаша. Ендеше, мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Әуенмен шаттық шеңберін жасайық.

Шаттық шеңбері.

-Біз қазақтың баласы

Сәлем сөздің анасы

Бәріне де ізетпен

Иіліп сәлем береміз.

-Жарайсыңдар, балалар! Орындарыңа отыра қойыңдар.

Тәрбиеші: Балалар, мұқият тындайықшы бір дыбыс естіледі, бұл ненің дыбысы екен. Ұнтаспадан қар, боранның дыбысын тындайды. Балалар жауабы.

-Дұрыс айтасыңдар, балалар!

-Бұл қай мезгілде болады?

-Қыс мезгілі.

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-3 ай бар: желтоқсан, қазан, ақпан.

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? Күн боран болады, қар жауады, адамдар жылы киімдерін киеді.

-Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсындар? Сырганақ, шаңғы тебеміз, шанамен сырғанаймыз, аққала жасаймыз.

-Өте жақсы, балалар!

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі қызықты тапсырмаларды орындау үшін мына карточкадағы суреттерге қарай топтарға бөлініп алайық. Балалар қолдарына сағаттарды тағып алады.

1-топ «Қар» тобы.

2-топ «Аққала» тобы.

-Балалар, қане ендеше мен сендерге тіл ұсарту жаттығуын айтамын, бәріміз бірге қайталайық.

Тіл ұсарту жаттығуы:

Ран-ран-ран,
Соғады боран.

Ыс-ыс-ыс,
Келіп жетті қыс.

На-на-на,
Зулайды шана.

Ар-ар-ар,
Жауады қар.

1-тапсырма.

«Лабиринт» ойыны

Мақсаты: Балалардың ой-қиялын дамыта отырып, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Шарты: Қолындағы суретке қарай, берілген дөңгелектердің үстімен секіре қозғала отырып, аттарын атап, лабиринттен өту.

2-тапсырма. Дидактикалық ойын:

1-топ: «Кел сана» Берілген суреттегі заттарды санау, және санын табу.

Шарты: Балалар алдарындағы суреттерге қарап не екенін атап, оны санап санын табу қажет.

Тәжірбие: «Қардың қасиеті»

Сергіту сәті.

Әуенмен бірге ырғақты қимыл жасау.

Планшет арқылы «Сыңарын тап» ойыны.

Шарты: балалар шаңғымен кедергілер арасынан жүріп өтіп, интерактивті тақтадағы берілген ұяшықты таңдау арқылы суреттерді атап, оның сынарын табады. Ойын кезекпен кезек жалғаса береді. (суреттерде қыс мезгілінде киетін жылы киімдер берілген)

4-тапсырма. Шығармашылық. «Дәстүрден тыс сурет салу»

Мақсаты: Балалардың қиялдай білуін, ой шапшандығын, интуицияның дамуын қалыптастыру.

Шарты: балаларға аққала мен қардың суреттері беріледі. Соны балалар өздері губкамен бояйды.

Қорытынды.

-Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет сендерге ұнады ма?

-Не үйрендік? Жылдың қай мезгілімен таныстық?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Дұрыс айтасындар! Балалар, бүгінгі ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке өте жақсы қатыстындар. Сендерді өте жақсы қатысқандарыңыз үшін

Қол ұстасып тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау-саламат болайық. Сау болыңыздар!



**МІКҚК №6 «Ақкөгершін»
бөбекжай-балабақшасы**

**Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті
№3 «Құлпынай» мектепалды даярлық топ
Тақырыбы: «Алтын балық»**

Музыка жетекшісі: Жанабаева Н.Б.

2025-2026 оқу жылы

Жетекшісі
Сурет

Музыкадан ашық іс-әрекеті
мектепалды даярлық топ (Құлпынай)

Білім беру бағыты: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Күні: 19.01.2026ж.

Музыка жетекшісі: Жанабаева Н.Б.

Тақырыбы: «Алтын балық»

Мақсаты:

Балалардың шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау.

Ресурстар: Өзен, қармақ, шелек, жауын құрт, кеме, су оркестрі.

М.ж.

Қәнекі әріптестер көңіл күйімізді көтеріп музыка арқылы амандасып алайық.

Музыкалық амандасу:

«Сәлемдесу әні»

Әдіс тәсілдер:

(Балаларды музыка залына, музыка жетекшісі қолын бұлғап шақырады.

Балалар кіреді.)

М.ж.

-Сәлем балалар!

-Бүгінгі күн қандай керемет, нағыз балық аулайтын күн екен ия?

-Кәне бәріміз балық аулауға барайық.

1.Қимыл-қозғалыс:

(Балаларға қармақ, шелек, жауын құрт үлестіріледі. Музыка залын айналып, көңілді әуенмен, өзен жағасына келеді.)

М.ж.

-Тыныш, тыныш балалар, балықтарды үркітіп алмайық.

-Балалар балықтар нені жегенді жақсы көреді? *(жәндік, құрттарды)*

-Жаунқұрттарды дайындап қармаққа ілеміз. Сонда балықтар қармаққа жылдам түседі.

2.Музыкалық ойын:

«Жауынқұрт»

(Балық аулап жатқанда)

3.Сиқырлы кезен:

М.ж.

-Ой, ой, ой көмектесіндер балалар. Мынау не деген балық?

(осы кезде галаграммдан балық сөйлейді)

Алтын балық:

-Мен жай балық емеспін, мен алтын балықпын.

-Мен сендердің кез келген тілектеріңді орындап беремін, егер менің тапсырмаларымды орындап берсендер.

М.ж.

-Балалар, сендер қандай тілек сұрағыларың келеді?

Б-р:

-Қайықпен саяхаттағымыз келеді.

Алтын балық:

1-тапсырма:-Қандай өнерлерің бар?

М.ж.

(Балалармен ақылдасады)

Б-р:

-Су арқылы оркестр құрамыз.

Оркест: Күй (жастар биі)

(суды пайдалана отырып оркестр құрады)

Алтын балық:

2-тапсырма:-Суды пайдалана отырып қандай эксперименттер жасау білесіңдер?

М.ж.

(Балалармен ақылдасады)

4.Эксперимент көрсету:

Алтын балық:

-Балалар, сендер менің тапсырмаларымды керемет орындап жатырсыңдар.

-Көңіл-күйлерің қалай?

5.Сергіту сәті:

«Әр түрлі көңіл-күй»

(интербелсенді панельден қайталау)

Алтын балық:

-Балалар, меңі босатып жіберсендер, тілектерің орындалады.

М.ж.

(Балалармен ақылдасады, алтын балықты босатады.)

Алтын балық:

-Рахмет, балалар.

-Балалар көздерімізді жұмамыз, үшке дейін санаймыз.

(Алдарында үлкен Кеме тұрады, балалар қуанады)

М.ж.

-Балалар, кәнеки Кемеге орналасайық.

кім Кеме капитаны болады?

Бала:

-Мен Кеме капитаны боламын.

(Дөнгелек рульді алып, киімін киіп, бірінші тұрады. Балалар орналасып алып ән айтып көңілді болады)

6. Дауыс жаттығуы:

Пуп-пуп-пуп,

Пуп-пуп-пуп.

7.Ән айту:

«Біз өнерлі баламыз»



№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

«Бауырсақ ертегісі»

Тәрбиеші: Губайдуллина Э.Е

2026ж

Бекітетін
Сурет

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

Тәрбиеші: Губайдуллина Эльмира Ерланқызы

Тақырыбы: «Бауырсақ ертегісі»

ҰІӘ: Көркем әдебиет. Сурет салу. Құрастыру. Жапсыру. Қимылды ойын

Мақсаты: Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту ойын еркін жеткізуге баулу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, баянлау, тапсырмалар орындау.

Топқа бөлу

Сергіту сәті: Бауырсақ жасау ойын арқылы көрсету

1-ші топ-«Құрастыру ойыны»

Текшелердің бір бөлігінде суреттер берілген, сол суретті құрастыру арқылы қасқыр мен бауырсақтың бейнесін толықтырып шығару керек

2-ші топ- «Коян немен қоректенеді»

Балаларға көркем-шығармашылық білгірлігін дәстүрлі емес сурет салу арқылы дамыту, сурет салу әдістерін меңгерту дәстүрлі емес әдістерді пайдалана отырып қызығушылықтарын арттыру. (Балауызбен)

3-ші топ «Кім жылдам» Қимылды ойын

Балалардың өзара қимыл түрлерін орындап үйрену дене бітімінің дұрыс қалыптасуына назар аудару.

(Тосынсәт)

Голограмма арқылы

Қорытынды:

-Балалар бүгін біз қайда болдық?

-Кімге көмектестік?

-Бауырсақ кімнен қашты?

Иә балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар, сол үшін менің сендерге дайындаған сыйлығым бар.

Балаларды мақтау мадақтау.



№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

*Ашық ұйымдастырылған іс -әрекеті
Қоршаған әлеммен танысу
(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту)
№7 «Айгөлек» ортаңғы тобы.*

Дайындаған :
тәрбиеші Балжанова А.М.

2025-2026 оқу жылы.

Бекітілген
Сурет

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары

Бағыты: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті: Қоршаған әлеммен танысу

Тақырыбы: «Табиғаттың төрт ғажабы».

Міндеті: Балаларды табиғаттың төрт ғажабымен (көктем, жаз, күз, қыс) таныстыру;

- Әр мезгілдің негізгі белгілерін ажырата білуге үйрету.
- Балалардың ойлау, есте сақтау және салыстыру қабілеттерін дамыту;
- Сөздік қорын молайтып, өз ойын қарапайым сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру;
- Тәжірибелік іс-әрекет арқылы қызығушылығын арттыру.
- Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу;
- Ұқыптылыққа, бірлесіп жұмыс жасауға, өзара көмектесуге баулу;
- Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.
- Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.

Кіріктірілген ҮІӨ: Зерттеу жұмысы, математика негіздері (танымдық дағдыларын дамыту), сөйлеуді дамыту (Коммуникативтік дағдыларын дамыту), дене шынықтыру (физикалық дағдыларды дамыту), сурет салу (шығармашылық дағдыларды дамыту).

Балалар музыка залында орындықтарда отырады. Кенеттен есік қаққан дыбыс шығады. Бір бала барып ашады, қараса, қонақтар.

Тәрбиеші: балалар, қараңдаршы, қонақтар келіп қалған екен. «Сәлем- сөздің анасы» демекші келген қонақтарымызбен әдемілеп амандасайық. Ал қонақтармен әдемі амандасу үшін бізге түрлі-түсті қоңыраулар қажет.

Балалар түрлі -түсті Металлофон әуенімен амандасады.

Тәрбиеші: бүгін біз сендермен балалар, табиғаттың мезгілдері туралы білетін боламыз. Табиғаттың неше мезгілі бар екен, балалар?

Балалардың жауабы: 4 мезгіл

Тәрбиеші: Иә, бірақ сол 4 мезгілді көру үшін бізге бір жыл керек екен балалар. Ал жаңа жылымыз қандай мезгілден басталады?

Балалардың жауабы: Қыс мезгілінен.

Тәрбиеші: дұрыс айтасындар, қыс мезгілінен.

Балалардың жауабы.

Голограммамен жұмыс. Голограммада кезек-кезек мезгілдердің суреті шығады. Қай мезгілдің суреті шықса соны атайды.

Музыка залына ойнап Дымбілмес келеді.

Дымбілмес: ой,сәлем алақайлар. Қалайсыңдар? Немен айналысып жатырсыңдар? Мен де сендермен бірге ойнасам болады ма?

Тәрбиеші: сәлем Дымбілмес, әлі ойнап жүрсің ба? Балалармен бірге білім ал. Уақытыңды босқа кетірме.

Балалардың жауабы.

Зерттеу жұмысы. Балаларды 4 топқа бөлу.

Балаларға суретті белгілер таратылады:

- ☀ гүл – Көктем
- ☀ күн – Жаз
- ☀ жапырақ – Күз
- ☀ қар – Қыс

☞ Балалар 4 топқа бөлінеді (әр топ – бір мезгіл).

Көктем тобы(үстелде көктемнің суреті орналасқан): Суретте ағаш, ағашта гүлдестелері жабылған гүл, балалар сол гүлдерге субүріккішпен су себеді гүлдері ашылады.

Нәтижесінде: Көктемде табиғат су ішіп оянады.

Жаз тобы(үстелде жаздың суреті орналасқан):Сүт боялған красками, сұйық май, пипетка. Әуелі майды ыдысқа құйып, ішіне түрлі - түсті сүт пипеткамен тамшылайды,

Нәтижесінде: балалар жаз мезгілі түрлі – түсті бояуларға снетінін көреді.

Күз тобы(үстелде күздің суреті орналасқан):майлықтарды құрт және жапырақтар пішінінде кесіп тәрелкеге орналастырылады. Жапырақтарға түрлі-түсті бояулар тамызылады. Тәрелкені ортасына шприцпен су ағызылады. Майлық суды сіңіріп күзгі жапырақтар сияқты болады.

Нәтижесінде: күзде жапырақтар түрлі-түске боялады. Ал құраттар созылады.

Қыс тобы(үстелде қыстың суреті орналасқан): балалардың алдарында шағын контейнер болады. балалар оған крахмал мен қырынатын пена салып араластырады.

Нәтижесінде: Үй жағдайында аппақ қар жасауға болады.

Дымбілмес: балалар маған ұнап жатыр . сендер көп нәрсе біледі екенсіңдер. Мен бірақ билегім келіп тұр.

Тәрбиеші: жақсы, балалардың да бойын сергітейік.

Сергіту сәті: <https://youtu.be/6nlWV68a02I>

Тәрбиеші: Дымбілмес енді сен балалармен бірге тағы бір тансырма орында. Ол өте қызықты әрі пайдалы. Пішіндер туралы не білесің?

Дымбілмес: ол не?

Тәрбиеші: Қазір көресің.

1 тапсырма : «Сиқырлы пішіндер»

Шарты: балалар суы бар ыдыстың ішіне майлықтарды салады,су болған майлықта пішіндердің бейнесі шығады. Балалар атайды.

Тәрбиеші: Жарайсындар ,балалар. Дымбілмес енді пішіндерді танытын боласың.

Дымбілмес: иә. Айналадағы заттарға да ұқсайды екен.

Тәрбиеші: дұрыс айтасың. Келесі кезекте біздің алдымыздан кедергілер пайда болды екен. Ол «Мезгілдер сынағы» деп аталады екен. Осы кедергілер ден тездетіп өтіп келесі тапсырмамызды орындайық.

2тапсырма: «Мезгілдер сынағы»

Шарты: балалар мұз көпірден,қыс,көктем,жаз, күз құрсауларынан сұрінбей өтулері қажет.

Тәрбиеші: Ендеше біз соңғы тапсырмамызға да жетіп қалдық.

3 тапсырма: Шприц әдісі.

Шарты: балалар алдарында жатқан суреттерге бояуды шприцпен құяды, сурет түрлі-түсті болады. Әр суретте заттың саны әр түрлі болады. Балалар «бір» және «көп» ұғымдарын түсінеді.

Тәрбиеші: Қалған балалар тач панельмен тапсырма орындайсындар. World wall платформасы арқылы «Мезгілдер» тапсырмасын орындаймыз.

Шарты: Мезгілдер тапсырмасында балалар мезгілге сай суреттерді табады.

Қорытынды.

Тәрбиеші: Дымбілмес, көрдің бе білім алған өте көңілді әрі пайдалы іс екенін.

Дымбілмес: иә,рақмет сендерге менің білімге деген құштарымды оятқандарың үшін.

Тәрбиеші: балалар бүгінгі іс-әрекет ұнады ма сендерге?

Қандай мезгілдер бар?

Қазір қандай мезгіл?

Не жасадық?

Балалардың жауаптары.

Тәрбиеші: мен сендерге ризамын ,сол үшін сендерге осындай сыйлығым бар.

Қонақтармен қоштасу.



**МКҚК №6 «Ақкөгершін»
бөбекжай-балабақшасы**

**Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті
№3 «Құлпынай» мектеп алды даярлық тобы
Тақырыбы: «Дыбыстар әлеміне саяхат»**

Тәрбиеші: Мирманова А.О.

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Дыбыстар әлеміне саяхат»

Тобы: Мектеп алды даярлық топ (5 жас)

Міндеті: 1.Балаларды дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету.

2.Балалардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3.Тілдік дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, дыбыстық талдау машықтарын жетілдіру.

4.Балаларға қызықты, ойын арқылы оқу тәжірибесін жасау

Жабдықтар мен құралдар:

- Ақ қағаз, балаға қауіпсіз май немесе бояу

- Құм немесе арнайы пластикалық тақта

- Суреттері бар карталар

- Шапалақ ойынына арналған нұсқаулар

- Жасанды интеллект немесе интерактивті құрылғы (балаларды қарсы алу үшін

Сабак барысы:

- Амандасу, балаларды «жасанды интеллект» арқылы интерактивті қарсы алу тақырыбын таныстыру: «Бүгін біз дыбыстар әлеміне саяхат жасаймыз!»

- Балаларды топқа бөлу

2. Зерттеу жұмысы: Мұздағы жасырын әріптер

- Ақ қағазға май жағу арқылы жасырын әріптер жасалады

- Балалар әріптерді тапқан соң, дыбыстарын айту

- Мақсат:** әріптерді тану, дыбыстарын ажырату

3. Практикалық тапсырма: Құмға әріптер салу (5–7 минут)

- Балалар құмға саусақпен әріптерді салады

- Әріптерді айтып, дауыс шығару арқылы жаттығу

4. Дыбыстық талдау

- Балалар суреттерге қарап сөздер айтады

- Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады

- Шапалақ ойыны: әр дыбысты дұрыс анықтаған кезде шапалақ соғу

- Сөздерді буындарға бөлу

5. Қорытынды (5 минут)

- Балалар жол сомкелері арқылы қайда барғандарын, не үйренгендерін айтып береді

- Сабактың қысқаша қорытындысы, балалардың жасаған жұмыстарын көрсету

- Жақсы орындаған балаларды мадақтау



**МКҚК №6 «Ақкогершін»
бөбекжй-балабақшасы**

**Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті
№4 «Балдырған» мектепалды даярлық топ
Тақырыбы: «Ғажайып әріптер»**

Қазақ тілі маманы: Ермагамбетова М.К

2025-2026 оқу жылы

Ресімделген
Сурет

Қазақ тілі ұйымдастырған ашық іс-әрекеті мектепалды даярлық топ (Балдырған)

Бөлімі: Қазақ тілі

Күні: 23.01.2026ж.

Қазақ тілі маманы: Ермағамбетова М.К

Тақырыбы: «Ғажайып әріптер»

Мақсаты: Балалардың әріптер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, ойын арқылы дыбыстарды ажырата білуге, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға үйрету. Көңілді ойындар мен тапсырмалар арқылы балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамыту, бір-бірімен ынтымақтастықта әрекет етуге баулу.

Ресурстар: Әріптер, зерттеу жұмысына тары, көлеңке театры, ойындар.

1. Мұғалім:

Сәлем балалар

- Саламатсыз ба?!

Мұғалім: «Біз көңілді балалармыз,

Қай әріптен басталамыз»-, деп әр бала өз атынан басталатын әріпті алып өздерін ерекше таныстырып өтеді. Содан кейін мен балаларға екі әріптен буын айтамын балалар оны тауып, ортаға шығады.

Мұғалім: Жарайсыңдар балалар!

2. Мұғалім: Балалар қане жан-жағмызға қарайықшы не көріп тұрмыз?

- Әріптер

Мұғалім: Иә балалар әріптеріміз шашылып қалыпты бәріміз жинап сөз құрауға көмектесеміз бе?

- Иә

Жарайсыздар балалар шашылған әріптерге көмектесіп, “Қазақ тілі сөзін лазер көмегі арқылы көрсетіп жарға іледі”

3. Осы кезде кабинеттен бір әуен естіліп, барлығы соған назар аударады.

Мұғалім: Ой, балалар ненің дыбысы болды екен?

Ашып көреміз бе?

- Иә

Мұғалім: Ендеше барлығымыз есікті ашып көрейік

Мұғалім есікті ашып: «Ғажайып енді басталады» дейді. Ашқан кезде жарық түсіп тұрған көлеңке театрын көреді. Көлеңке арқылы балаға ертегі кейіпкерлерін жасырады, балалар мүлтіксіз тауып береді.

4. Эксперимент көрсету:

Ал енді үстел үстіндегі суреттерге назар аударайық.

Үстел үстінде дөңгелек пішінді суреттер ұлттық киімдер жасырылған. Балалар кезекпен-кезек ашып бірдейлерді сәйкестендіруі қажет.

Келесі зерттеу жұмысы. Ыдыстың сырты пленкамен оралып үстіне тары шашулы тұр. Осы тарының үстіне буындарды айту қажет.

Буын айтылған кезде тарылар билейді. Балалар өздері буын айтып билеген тарыларға мәз болады.

5. Барлығы экраннан тапсырма орындайды

6. Ал балалар біз өскенде кім болғымыз келеді?

Балалар жауап береді. Осы кезде экраннан балалардың арманындағы мамандықтар видео арқылы жасалып, өздерін көріп мәз болады.



МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы «Қазына» (даярлық топ балаларымен)

Өткізген: дене тәрбие нұсқаушысы Умурзакова Г.Н.

2026 ж

*Бекітілген
Сарға*

«Қонжық» мектепалды даярлық топқа дене шынықтырудан ашық сабақ жоспары.

Тақырыбы: «Қазына»

Тобы: МАД

Құрал-жабдықтар: асық, ысқырғыш, арқан, қазақтың ұлттық әуені.

Мақсаты:

- балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру.
- қазақтың ұлттық ойындары арқылы салт-дәстүріне баулу.
- ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.
- денсаулықты нығайту, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Міндеті:

- негізгі қимыл дағдыларын қалыптастыру.
- ұлттық ойын элементтерін меңгерту.
- ұжыммен ойнауға, ережені сақтауға үйрету.

Сабақтың құрылымы:

Ұйымдастыру кезеңі (2-3 минут)

Негізгі бөлім (20 минут)

Қорытынды бөлім (3 минут)

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі (Әуен күй ойналып тұрады)

Әуенмен Алдар көсе кіріп келеді.

Балалар аң таң қалып, тұрады.

Алдар көсе: Балалар амансындарма?

Балалар: саламатсыз ба!

Алдар көсе: балалар мені танып тұрсындарма?

Балалар: ия таныдық.

Алдар көсе: мен болсам, бір затты іздеп жүргенмін, сол затты табуға көмектессіңдерме?

Балалар: ия әрине көмектесеміз!

Алдар көсе: әп бәрекелді, кеттік артымнан еріндер.

Саппен жүру;

Алдарынан стрелка шығады, сол стерелка арқылы жол ережесіне тап болады.

Алдар көсе: Балалар алдарымызда дол ережесі тұр, канекей абайлап жүрейік, алдымызда бағдаршамнан өтпес бұрыс түстеріне тоқталайық?

Қызыл шам тоқта дегенді білдіреді;

Сары шам дайындал дегенді білдіреді;

Жасыл шам жүру дегенді білдіреді екен.

Ал кеттік балалар!

Жаттығу орындау: құрсаумен

Келесі стрелка бойынша кеттік.

Балалар алдарымызда сандар орналасқан, сол сандарды ақырын, адымдап басып, санап жүреміз.

Келесі стрелка бойынша кеттік.

Алдымыздан су әлемі орналасқан, балалар су әлеміне де келіп қалыппыз, біздер жүзе аламызба?

Келесі стрелка бойынша кеттік.

Дәрігерге келіп қалыппыз, ал дәрігерге кіріп, амандасып, қал жағдайын сұрасып, тыныс алу тексеріп шығайық.

Келесі стрелка бойынша кеттік.

Ал балар алдымызда тау өңіріне келіп қалыппыз, қанекей арқан жіппен біртін деп көтерілейік.

Келесі стрелка бойынша кеттік.

Жер әліміне де келіп қалыппыз, ал кім ғарышкер болып, ұшып қайтады? (сол жерде бір баланы сайлап) ғарышқа ұшырамыз.

Келесі стрелка бойынша кеттік.

Өз спорт әлеміне қайтадан келіп, сол жақтан балдармен жабыла затты іздеп, тауып аламыз.

Алдар көсе: жарайсындар балалар, тауып алғансындар екен, ал ішін ашып көрейік.

Сандықты ашып, ішінен асықтың суреттері орналасқан, сол суреттердің артында ойындар жасырылып тұр. Сол ойынды балаларға ойнату.

Ұлттық ойын: «Шанырақ»

Қорытынды бөлім:

Нұсқаушының сөзі: балалар бүгін бәрінде белсенді қатысып, атсалысып бірге жұмыс жасадық, ал сізге ұнадыма бүгінгі сабағымыз? Жарайсындар балалар! Енді сіздерді марапаттап жіререйін (балаларға медаль тағып шығамын).

Күтілетін нәтиже:

Жүруде тепе-теңдік сақтайды;

Музыкамен сүйемелденетін әртүрлі қарқында қимылдар жасайды;

Ұлттық қимылды ойындар бар ойындарға белсенділікпен қатысады.

№6 "Ақкөгершін" бөбекжай балабақшасы

"Бояулар әлемі"

Тәрбиеші: Қуанғанова М.К

2025-2026 оқу жылы



Зерттеуші
А. А. А.

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі

Тақырыбы: "Бояулар әлемі!"

Білім беру саласы: Әлеумет, шығармашылық

Мақсаты: Бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын арттыру, бейнелеу материалымен түрлі сурет салу техникасымен ынталандыру, балаларға қуаныш сыйлау, шығармашылық шабыт ахуалын қалыптастыру.

Дамытушылық:

- Балалардың шығармашылық қабілетін, елестету және қиялдау дағдыларын дамыту;
- Ұсақ моторикасын, көз–қол координациясын жетілдіру;
- Түс үйлестіру, бояумен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік:

- Әсемдікке, әдемілікке, өнерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- Ұқыптылыққа, сауатты жұмыс істеуге баулу;
- Бір-біріне көмектесуге, ортақ тәртіп пен тазалықты сақтауға үйрету.

Қолданатын әдіс - тәсілдер:

Көрсету, түсіндіру, көркем сөз, түрлі әдіс-тәсілдермен сурет салу, тәжірибе жасау, қайталау, мадақтау.

Көрнекіліктер:

суреттер, әр балаға үлестірілмелі материалдар, карточкалар, түрлі-түсті бояулар сулық.

1-тапсырма: сурет салу «скретч-арт» деп аталады.

Қазақша – «қырнай салу», «скретч сурет», «қырнай шығатын сурет».

Бұл техникада түрлі-түсті қабат болады. Арнайы таяқшамен немесе скретчка тәрізді құралмен үстінгі бетін қырып, төмендегі түсті сурет шығарылады.



2-тапсырма: сурет техника жылтыр құммен (глиттермен) сурет салу деп аталады.

Нақты атаулары:

✓ Глиттер-арт (Glitter art)

✓ Жылтыр құммен сурет

✓ Құмды аппликация (жылтыр құммен)

✓ Самоклеяка + глиттер техникасы — жабыстырмалы трафаретке желім сеуіп, үстіне жылтыр құм себу әдісі.

Бұл әдісте дайын жабысқақ трафареттің әр бөлігін алып, үстіне түрлі түсті жылтыр құм себеді — нәтижесінде жарқыраған сурет пайда болады.



3-тапсырма: «Пенопласт текстуралы сурет» деп аталады.
«3D texture drawing» – 3D текстуралы сурет салу

Бұл техникада арнайы пенопласттай кеуекті материал немесе губка қолданылады. Оған бояу сіңіп, қағазға басылғанда рельефті, кедір-бұдыр 3D эффект пайда болады.





4-тапсырма: Гель-фигуркалар ойыншық жасау әдісі деп аталады.

3D гелді фигуркалар

Аква-гель (Aqua Art)

Суда қататын гелді поделкалар

Әдістің мәні: арнайы түрлі-түсті гелді қалыпқа құйып, кейін оны суға салғанда ол қатайып, көлемді ойыншыққа айналады.



Қорытынды: Балаларды мадақтау, марапаттау.